



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

15. B. H. Aitchanov, O.A. Baimuratov, D. K. Kozhamzharova, V.V. Nikulin. Structural transformation and simulation of dynamic pulse frequency controlled systems // Proceedings in GV-the 1st Global Virtual Conference. 2013,4 №1. С. 484-488

16. Bekmurza H. Aitchanov, Olimzhon A. Baimuratov, Aitkul N. Aldibekova. Pulse – Frequency control system of the fluids magnetization of the used nuclear magnetic resonance// The 2nd International Virtual Conference on Advanced Scientific Results (SCIECONF-2014), June 9. - 13., 2014 (held in Zilina, Slovakia). P. 473-477.

17. Айтчаонов Б.Х. К анализу стохастических цифровых частотно-импульсных систем с запаздыванием. Изденис // Поиск. Серия естественных и технических наук, №2,2004. С. 209-214.

18. Айтчанов Б.Х.Квантование во времени в динамических частотно-импульсных системах с запаздыванием. №3, 2003, С.219-223.

19. А.А. Ashimov, K.S. Статистический анализ цифровых интегральных частотно-импульсных систем управления объектами с запаздыванием // Вопросы создания АСУ технологическими процессами и предприятиями, Алма-Ата, КазПТИ,1983, С.3-10

20. Айтчанов Б.Х. Частотно-импульсные системы управления объектами с запаздыванием //Материалы за 3-а международна практична конференция, Умение и нововъведения, Том 10. Технологии. София, Бял ГРАД-БГ ООД, 2007, С.54-58

ӘОЖ 681.5.01

БЮДЖЕТТІК ҮЛГІ АНЫҚТАМАСЫ

Бақтыбаева Мөлдір Нұрланқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Автоматтандыру және басқару мамандығы

3 курс студенті,Астана,Қазақстан

Ғылыми жетекші-Касимова Б.Р.

Аннотация. Бюджеттеудің негізгі үлгілерін, олардың кемшіліктерін, артықшылықтарын қарастырамыз. Оптималды бюджеттік үлгі ерекшеленеді. Бұл мақалада кәсіпорын бюджетінің құрамын, олардың байланысын, бөлек бюджеттер арасындағы байланысты көрсететін қаржылық бюджеттің үлгісі ұсынылған.

Кілт сөздер: бюджет, бюджеттік үлгі, ұзақ мерзімді реттеу тарифі,стратегиялық жоспар.

Электрожелілік компаниялар қызметінің негізгі түрлері ретінде келесілер анықталған:

- Электірлік қуатты беру және тарату
- Технологиялық қосылу

Бұл берілген қызмет түрлері реттелетіндер қатарына жатады, олардың кірісі бекітілген тариф бойынша анықталады.Реттелетін қызмет түрлерінің шығынын қадағалау,мемлекеттік реттегіш органмен бекітілген электржелілік компаниялардың шығыны мен өзіндік құн деңгейін қамтамасыз ету үшін қажетті шарт болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген негізгі түрлер тиімді басқару мақсатында қызметтің толық-функционалды түрлеріне бөлінуі қажет.Функционалды түрлер дегеніміз біркелкі функциялар жиынтығы.

Қызметтің негізгі функционалдық түрлері:

- Технологиялық басқару және қызмет көрсету
- Желіні басқару
- Техникалық қызмет көрсету және жөндеу
- Басқару жүйесін қамтамасыз ету және байланыс
- Автотранспорттық қамсыздандыру

Сонымен қатар, кез-келген электржелілік кәсіпорын қызметі жалпы шаруашылық және әкімшілік басқару қызметін жүзеге асыруынсыз мүмкін болмайды.

Жалпы, электр қуатындағы шығындарды басқару кәсіпорынды басқарудың жалпы кезеңімен сәйкес орындалады: жоспарлау процедурасынан бастап және алдағы жылға кірістерді қалыптастыру және өткен жылдың өндірістік-шаруашылық қызметі нәтижесі есебімен аяқтайды. Электр қуатындағы шығындарды басқару үрдісінің алғашқы және ең маңызды кезеңі тарифтік жоспарлау болып табылады және ол бір уақытта анықтайды:

- Электржелілік компанияға қызмет көрсетуден түсетін қаржы көлемі
- Қорды қолданудағы мақсаттық бағыт және шек

РАВ-басқаруға ауысу арқылы сала ұзақ мерзімді тарифтік жоспарға ауысады. Бұл ЭСК-ға жоспарлаудың жаңа тәсілін қолдануға, стратегиялық жоспарлауға өтуге мүмкіндік береді. Ұзақ мерзімді жоспарлау мүмкіншілігі - 3-5 жыл.

РАВ әдісі жалпы түсімді анықтаудың бұрынғы «шығындар+» әдісінен басқа амалын қолданады. Жалпы кіріс инвесторларға ақырындап барлық инвестицияланған капиталдары қайтып оралатындай болуы қажет. Сонымен қатар, инвестицияланған капиталға, жалпы кіріске кепілденетін кірісте есептелінеді. Үшінші құраушы ағымдағы шығындар – желіні қамтамасыз ету үшін кететін компаниялардың шығындары, технологиялық жоғалту компенсациясы және қалған міндетті шығындар.

Кезекті ұзақ мерзімді реттеу тарифын белгілеу кезінде анықталатын қажетті жалпы түсірілім мына формуламен есептелінеді:

$$ҚЖТ = Ш + КҚ + КК$$

Мұнда

i – реттеу уақытындағы есептеу жыл номер $i = 1, 2, 3..$

$ҚЖТ_Y$ – i жылына ұзақ мерзімге белгіленген қажетті жалпы түсірілім;


$Ш$ - шығын;

$ВК_t$ - i жылына анықталатын инвестицияланған капиталдың қайтарылымы;

$КК_t$ – i жылына анықталатын инвестицияланған капитал кірісі;

$ҚЖТ$ –ны және электр қуатын жеткізу балансын болжамын есепке ала отырып тариф есептеледі

Стратегиялық жоспар үшін ұсынылған бюджет жүйесін қарастырамыз.



Сурет 1. Бюджет жүйесі

Бюджет/жоспар	Арналуы
ЭҚ жеткізу және өндірістің болжамды баллансы	Электр қуатын пайдалы жіберу жоспары.Тарифті есептеу үшін сандық көрсеткіші болады.
Ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарлама	Ұзақ мерзімді уақытта орындалуға жоспарланған инвестиционды жобалар жиынтығы.
Инвестицияланған капитал бюджеті	Объекттер киылысында инвестицияланған капиталдардың құндық көрсеткішіне ие. Инвестицияланған капиталдың қайтарылым есебі үшін қолданылады.
«ЭҚ жіберу» қызмет түрі бойынша шығын бюджеті	ЭҚ жіберумен байланысты, экономикалық негізделген шығын жоспары болады. Бірінші жылға құрылады, ары қарай реттегішпен орнатылатын операционды шығындар тиімділік коэффициенті және инфляция болжамы бойынша индекстеледі. Қосымша түсірілім үшін ЭСК операционды шығындар тиімділігі үшін жоғарылатылған коэффициент орната алады.
Басқарылатын шығындар жоспары	ЭҚ мен байланысты басқарылатын шығындарға ие.Басқарылатын стаъя бойынша шығындар бюджеті негізінде құрылады.
Тарифтік жоспар	Қалыптасқан ҚЖТ және өндірістің болжамды балланс және ЭҚ жеткізу саны қорытындысы бойынша тариф есебіне ие болады.
«ЭҚ жіберу» қызмет түрі бойынша кіріс бюджеті	Тарифтік жоспарда есептелген ҚТЖ мен үйлеседі.
Қаржыландырушы бюджеті	Инвестицияланған бағдарламаның қаржыландырушыны қолдану және құру бойынша ақпараттарға ие.
Несиелік жоспар	Қарызға алып қаржыландыру көзінің құрылу жоспарына ие.

Кесте №1. Ұзақ мерзімді жоспарлаудағы бюджет жүйесі

Бұл берілген жоспарлау амалы бізге мүмкіндік береді:

1. Ұзақ мерзімді жоспар құру кезінде,тарифті орнату үшін реттегіш органға талап етілген мәліметтерді тапсырмас бұрын,күтілетін тариф салдарын үлгілеу: операционды кіріс көрсеткішін, қаржыландырушы көз құрылымын,қарыздық жүктемені, ұсынылған инвестицияланған бағдарламаны қайтадан қаржыландыру мүмкіндігін болжау.

2. Ұзақ мерзімді тарифті бекіткеннен кейін, стратегиялық мақсат құру: ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламаны орындау,электр қуатын жіберу шығынын азайту (бұл бизнестің тиімділігін арттырудың бір ғана жолы). Бұл мақсаттар күн көрсеткішінде бекітілген (басқарылатын шығын жоспары, ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарлама). Олар компанияның ұзық мерзімді мақсатымен жылдық бюджетті келісу үшін басқарудың жылдық айналымына ауыстырылады.

Қолданылған әдебиет

1. Бюджетирование: шаг за шагом / Е. Добровольский, Б. Карабанов, П. Боровко и др. -С.Пб. : питер, 2007.-448с.
2. Ковтун С. Бюджетирование на современном предприятии или как эффективно управлять финансами / С. Ковтун.- Х. : Фактор, 2005.-336с.
3. Адамов Н.А. Бюджетирование в коммерческой организации: краткое руководство / Н.А. адамов, А.А. Тилов.- С.Пб.: Питер, 2007.144 с.
4. Репин В.В. Бизнес-процессы компании / Репин В.В. - М.: РИА, 2007.-240с.

ӘОЖ 664.665.1

ПОЛИГРАФИЯЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Бекешова Гульвира Бауыржановна

b.gulvira@mail.ru

6М070200-«Автоматтандыру және басқару» мамандығының 2-курс магистранты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан

Оспанов Ербол Амангазович

78oea@mail.ru

«Автоматика және электротехника» кафедрасының аға оқытушысы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан

Автоматтандырылған басқару жүйесі (АБЖ) – бұл экономика-математикалық әдістері мен ақпаратты өңдеу құралдарының негізінде басқару функциясын орындауға мүмкіндік беретін, техникалық-ұйымдастыру кешені. АБЖ – бұл адам-машиналы жүйе. Ол жүйеде операциялар мен әрекеттер қатары машиналарға орындалуға беріледі, бірақ басты шешімді адамның өзінде қалады.

АБЖ қазіргі заманның өндірістің сапасын көтерудегі және басқарудағы маңызды құралы, себебі ақпаратты өңдеудегі уақытты біршама азайта отырып, оның дұрыстылығын және нақтылығын арттырады. АБЖ-ні енгізу адамның уақытын тиімдірек немесе шығармашылық мақсатта пайдалануға мүмкіншілік береді.

Автоматтандырылған басқару жүйелері сала ретінде ұйымдастырыла басқару классына жатады. Ал өз кезегінде ұйымдастырыла басқару жүйесі шаруашылық басқарудың деңгейлеріне сәйкес үш түрге бөлінеді:

1. Жалпы халық шаруашылығы – халық шаруашылығын басқару, жоспарлау және есеп жүргізу үшін ақпаратты жинайтын және өңдейтін жалпы мемлекеттік автоматтандырылған жүйе (ЖМАЖ);
2. Сала – салалық автоматтандырылған басқару жүйелері (САБЖ);
3. Бірлестік (кәсіпорын) – Бірлестіктермен және кәсіпорындармен автоматтандырылған басқару жүйесі (КАБЖ);

Жалпы мемлекеттік автоматтандырылған жүйе өзара байланысқан және өзара қатынасты автоматтандырылған жүйелер жоғарыда айтылған үш кешенде жүзеге асу керек.

Есептеу орталықтарының мемлекеттік жүйелері мен байланыстың ортақ автоматты жүйенің базасында

Халық шаруашылық бойынша автоматтандырылған жүйелер қызмет көрсететін мемлекеттік органдарының талаптарына сәйкес жоғары мамандандырылған болады. Жалпы мемлекеттік автоматтандырылған жүйесінің ең маңызды түрі автоматтандырылған жобалық есептеу жүйесі болады.

Салалық автоматтандырылған басқару жүйелерінің негізгі функциясы – жоспарлау және өндірісті жылдам басқару. Сөйтіп, мысалға Ресей мемлекетіндегі бірінші салалық